

Кітапхана апталығы

Кітап патшалығы шақырады

15 сәуір күні орталықтандырылған кітапхана жүйесінде «Балалар кітабы»



апталығы ұйымдастырылды. Іс-шараға №2 КОМ 4-сынып оқушылары қатысып, білімдерімен сынасты. Оқушылар кітапқа арналған өлеңдерін оқыды. Кітап ханшасы, әріп жегіш кейпіндегі оқушылар балаларға сұрақ қойып отырды. Ал, балалар белсенділік танытып, шапшандылықпен қойылған сұрақтарға жауап қатты. Кейіннен слайд түрінде берілген суреттерге қарап, үзінді қай өртегіден алынғанын айтып, қызығушылықтары арта түсті. Сонымен қатар, оқушылар арасында мақал-мәтелдерден жарыс, сөзжұмбақтың шешімін табу сияқты түрлі ойындар ойнатылды. Іс-шара аяғында жігерлі де белсенді оқушылар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Соңынан балалардың назарына мультфильм ұсынылды.

Мақпал ЖҰМАТАЕВА